

Халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімиятының 2005 жылғы 3 қазандағы № 1276 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2005 жылғы 17 қазанда № 9-1-25 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 16 маусымдағы № 1118 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды 27-бабына сәйкес 1998.03.24 № 213 ҚР Заңымен - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009.06.16 № 1118 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7-баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 53-бабының негізінде Қостанай қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қостанай қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 25 ақпандағы № 207 "Халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" (тіркеу нөмірі 2794, "Қостанай" газеті 2004 жылғы 11 наурыздағы № 32, Қостанай қаласының әкімдігінің 2004 жылғы 24 мамырдағы № 653 "Қостанай қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 25 ақпандағы № 207 "Халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысымен, тіркеу нөмірі № 2981; Қостанай қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 1 наурыздағы № 232 "Қостанай қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 25 ақпандағы № 207 "Халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысымен, тіркеу нөмірі 3383; Қостанай қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 7 маусымдағы № 660 "Халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысымен, тіркеу нөмірі 9-1-14, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) қаулысының күші жойылған деп есептелсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары А. Нұрғазиновқа жүктелсін.

Қала әкімі

Қостанай қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 3 қазандағы
№ 1276 қаулысымен бекітілген

**Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру
және қаржыландыру туралы нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын беретін немесе қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді қаржыландыру тек қана жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ұйымдардан басқа ұйымдармен есеп айырысу жүйесі мен негізгі талаптарды реттейді.

2. Осы нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік жұмыс орны - жұмыс берушілердің жұмысқа қабылданған қызметкерлерге еңбекақы төлеген шығынын қалалық бюджет қаражаты есебінен ішінара өтеп, халықтың нысаналы топтарының ішінара өтеп, халықтың нысаналы топтарының ішіндегі жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілердің жазбаша келісімімен берілетін жұмыс орны;

2) нысаналы топтар - жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар ретінде Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңымен белгіленген адамдар тобы;

3) жастар тәжірибесі - жұмыс тәжірибесі жоқ, бастауыш, орта және кәсіптік жоғары оқу орындарының бітірушілерін, алған мамандықтары бойынша еңбек өтілі мен тәжірибесі жоқ, жұмыстарын, тәжірибелік білім, шеберлік, дағдыларын алу мақсатында уәкілетті органның жолдауы бойынша кәсіптік оқуды бітірген жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру;

4) ең төменгі еңбекақы - тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген ең төменгі еңбекақы мөлшері.

Ескерту. 2-тармақ 3)-тармақша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қалалық әкімдігінің 2006.01.26 № 108 қаулысымен.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамтамасыз ету және сақтандыру туралы Заңнамалары тарайды.

4. "Қостанай қаласы әкімиятының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарына әлеуметтік жұмыс орындарына орналасуға жәрдемдеседі.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру және ұйымдастыру тәртібі

5. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмысқа қабылданған жұмыссыздарға еңбекақы шығынын қалалық бюджет қаражаты есебінен ішінара өтеумен өз қаражатынан қаржыландырылып, жұмыс берушілермен анықталады немесе қ ұ р ы л а д ы .

6. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру және оларға еңбекақы төлеуге арналған бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу жөніндегі комиссия жазбаша арыздары негізінде халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктейді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қалалық әкімдігінің 2006.01.26 № 108 қаулысымен.

7. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру Уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуда нысаналы топтарға кіретін күнкөрістері төмен жұмыссыздар басымдық құқыққа ие.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру талаптары және көздері

9. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа қабылданған жұмыссыздарға еңбекақы төлеу жеке еңбек шартының талаптарына сәйкес және орындалған жұмыстың күрделілігі мен сапасына, санына байланысты жұмыс берушімен ай с а й ы н жүзеге асырылады.

10. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға еңбекақы төлеу үшін жұмыс берушінің шығындарының елу пайызы көлемінде қалалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі, бірақ ең төменгі жалақысынан аспайтын; жастар тәжірибесіне - алты айдан аспайтын мерзімге ең төменгі жалақының екі есе көлемінде еңбекақы.

Ескерту. 10-тармағы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қалалық әкімдігінің 2007.07.31 № 1924 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қалалық әкімдігінің 2009.01.29 № 188 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

11. Бюджет қаражатын аудару жөніндегі есеп айырысу жұмыс берушінің есеп ш о т ы н а жүргізіледі.

12. Жұмыс берушіге, әлеуметтік салық және әлеуметтік аудару шығындары шектелінген еңбекақы қала бюджет қаражатынан мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қаражатына өтеледі.

Ескерту. 12-тармағы толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай қалалық әкімдігінің 2007.07.31 № 1924 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)

қ а у л ы с ы м е н .

13. Жұмыс берушілер еңбекақыға төлеген шығынын қалалық бюджеттен қайтару үшін Уәкілетті органға ай сайын жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін, жұмыс уақытының есеп табелін, еңбекақы есептеу тізбесін, орындалған жұмыстың кесімін беріп отырады. Әлеуметтік жұмысқа қатысушы жұмыссыздарға жалақы нақтылы істелген жұмыс үшін төленеді.

14. Жұмыс берушілер қалалық бюджеттен түскен ақшаны әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздарға еңбекақыға шыққан шығындарын өтеуге пайдаланады.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бақылау

15. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру нұсқаулығын сақтауға бақылау жасауды заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар жүзеге асырады.